ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СҮТ
Майлылықты анықтау әдісі

МОЛОКО
Метод определения жирности

ҚР СТ ИСО 2446-2011

(ISO 2446:2008 Milk - Determination of fat content, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СҮТ
Майлылықты анықтау әдісі

ҚР СТ ИСО 2446-2011

(ISO 2446:2008 Milk - Determination of fat content, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан РеспубликасыИндустрия және жаңа технологиялар министрлігіҚазақстан РеспубликасыИндустрия және жаңа технологиялар министрлігіТехникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және № 72 «Нанотехнологиялар» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және технология комитеті төрағасының 2011 жылғы «04» қазандағы № 517-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 2446:2008 Milk - Determination of fat content, IDT (Сүт – Майлылығын анықтау әдісі) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 2446 халықаралық стандартын Тамақ өнімдері ISO TC 34 техникалық комитеті, Сүт және сүт өнімдері ПК 2 ішкі комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен (en) аударылды.

Мемлекеттік стандарттардың сілтеме халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер D.А қосалқы қосымшасында берілген.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2017 жыл
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған немесе ауыстырылған (жойылған) жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СҮТ
Майлылықты анықтау әдісі

Енгізілген күні 2012-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт сүттегі май мөлшерін анықтау әдісі (Гербер әдісін) белгілейді, сүтке арналған тамшуырлардың тиісті сыйымдылығын анықтау жөніндегі ұсынымдарды және сүттегі май мөлшері май мөлшері бойынша орташа көрсеткішке сәйкес келмеген жағдайда (6.1 қараңыз) нәтижелерге қолданылатын түзетулерді қамтиды. Сүтке арналған тамшуырдың сыйымдылығын тексеру А қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Әдіс сұйық бүтін немесе ішінара майсыздандырылған шикізатқа және пастерленген сүтке қолданылады. Түрлендірілген әдіс мыналар үшін қолданылады:

a) құрамында белгілі бір консерванттар бар сүт (11-тарауды қараңыз);

b) гомогендеу процесінен өткен сүт, атап айтқанда, стерилденген сүт және жоғары температуралы өңдеуден өткен сүт (12-тарауды қараңыз);

c) майсыздандырылған сүт (13-тарауды қараңыз).

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерімен қоса алғанда) қолданылады:

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Қазақстан Республикасында халықаралық, өңірлік және шет мемлекеттердің ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ISO 488-2008*Milk - Determination of fat content - Gerber butyrometers (Сүт. Май мөлшерін анықтау. Гербер бутирометрлері).

ISO 1211-2010* Milk - Determination of fat content - Gravimetric Method (Reference method) (Сүт. Май мөлшерін анықтау. Гравиметрлік әдіс (Бақылау әдісі)).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданылуын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың сілтемесі» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген)

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамасымен бірге мынадай термин қолданылады:

3.1 Гербер әдісі (Gerber method): ISO 1211-ге сәйкес бақылау әдісімен алынған мәнге сәйкес келетін немесе онымен белгілі бір тәуелділікпен байланысты сүтке арналған пайдаланылатын тамшуырдың сыйымдылығына байланысты майдың массалық үлесінің немесе массалық концентрациясы мөлшері орындау кезінде анықталатын эмперикалық әдіс.

ЕСКЕРТПЕ Майдың массалық үлесі 100 г сүтке граммен, ал майдың массалық концентрациясы 100 мл сүтке граммен көрсетіледі.

4 Әдістің мәні

Сүт майын белокты күкірт қышқылымен еріткеннен кейін бутирометрде үйірткімен бөледі. Бөліну изоамил спиртінің шағын мөлшерін қосуға ықпал етеді. Бутирометр май мөлшерінің тікелей көрсеткішін есептеуге мүмкіндік беретіндей етіп градуирленген.

5 Реактивтер

Белгіленген аналитикалық квалификация реактивтерін, дистилденген немесе минералдандырылмаған суды немесе балама жиілік суын қолдану қажет.

5.1 Күкірт қышқылы

5.1.1 Күкірт қышқылына қойылатын талаптар

Күкірт қышқылында шамамен (90,4 ± 0,8) % H_2SO_4 массалық үлеске сәйкес келетін, 20 °С температура кезіндегі (1,816 ± 0,004) г/мл тығыздық болуға тиіс. Қышқыл суспензиядан бос, түссіз немесе ашық кәріптас түсінен қоңыр емес түсте болуға тиіс және 5.1.2 бойынша талдау өткізгеннен кейін пайдаланылады.

5.1.2 Күкірт қышқылының сәйкестігін талдау

5.1.2.1 Талдау мақсаты

Күкірт қышқылы тығыздығы мен сыртқы түрі бойынша 5.1.1 талаптарына сәйкес келеді, бірақ Гербер әдісі үшін сәйкес келмейді. Пайдаланар алдында стандарттық күкірт қышқылымен салыстыру арқылы күкірттің жарамдылығын тексеру қажет.

5.1.2.2 Стандарттық күкірт қышқылы

Массалық үлесі 98% және тығыздығы 20 °С температурада 1,84 г/мл болатын күкірт қышқылын (мысалы, H_2SO_4) суға 5.1.1-де көрсетілген

шектерде тығыздықпен ерітіндіні алу үшін қосады.

ЕСКЕРТПЕ Тиісті ареометрдің көмегімен сұйытылған күкірт қышқылының тығыздығын тексере отырып, шамамен 1 л стандарттық күкірт қышқылын массалық үлесі 98% болатын 908 мл күкірт қышқылын 160 мл суға қосу арқылы алады және қажеттігіне қарай, оны судың шағын көлемін немесе массалық үлесі 98% қышқылды қосу арқылы талап етілетін көлемге дейін жеткізеді.

5.1.2.3 Салыстыру әдісі

Гербер әдісімен майдың мөлшерін анықтайды. Шкаласының қателігі 0,01% артық емес бутирометрді және стандарттық изоамил спиртін (5.2.6.2) пайдаланып, орындау үшін май мөлшері орташа бүтін сүттің төрт үлгісі бойынша екі топты алады. Талдау өткізу кезінде үлгі топтарының бірінде 10 мл сыналатын күкірт қышқылын, ал екіншісінде 10 мл стандарттық күкірт қышқылын (5.1.2.2) пайдаланады. Бутирометрлерді сілкілеу сатысынан бастап еркін ұстайды. 0,01 % майдың жақын бөлінісіне көрсеткішті белгілейді (көрсеткішті кем дегенде екі адам жазып алады). Сүттің төрт үлгісіндегі майдың сыналатын күкірт қышқылын пайдалану кезінде алынған орташа мөлшері стандарттық күкірт қышқылын пайдалану кезінде алынған орташа мәннің 0,015 % майынан артық емес ерекшеленуге тиіс.

5.2 Изоамил спирті

5.2.1 Изоамил спиртінің құрамы

Көлемдік үлесі 98 % кем емес изоамил спиртінде 3-метилбутан-1-ол және 2-метилбутан-1-ол алғашқы спирттері болуға тиіс, негізгі қоспалардың, 2-метилпропан-1-ол и бутан-1-ол болуға жол беріледі. Спирт екінші пентанолдардан, 2-метилбутан-2-ол, фуран-2-ол (фурфурол, фуран-2-карбоксальдегид, 2-фуральдегид), бензиннен және өндірістік бензолдан еркін болуға тиіс.

Судың шағын мөлшері болуға жол беріледі.

5.2.2 Изоамил спиртінің физикалық қасиеттері

Изоамил спирті таза және түссіз болуға тиіс.

5.2.3 Изоамил спиртінің тығыздығы

20 °С температурада изомил спиртінің тығыздығы 0,808 г/мл-ден 0,818 г/мл дейін құрауға тиіс.

5.2.4 Фуран-2-ол және басқа органикалық қоспалар

5 мл изоамил спиртін 5 мл күкірт қышқылына (5.1) қосу кезінде ерітінді сары түстен ашық қоңыр түске дейін айналуға тиіс.

5.2.5 Изоамил спиртін дистилляциялау саласы

Егер изоамил спирті 101,3 кПа қысым кезінде айдалса, 98 % кем емес спирт (көлемі бойынша) 132 °С төмен температурада және 5 % артық емес спирт (көлемі бойынша) 128 °С температурадан төмен айдалуға тиіс. Айдағаннан кейін қатты тұнба болмауға тиіс.

Егер айдау уақытында атмосфералық қысым 101,3 кПа төмен немесе жоғары болса, белгіленген температура 0,3 °С/кПа-ға тиісінше жоғарылуға

немесе төмендеуге тиіс.

5.2.6 Изоамил спиртінің жарамдылығын талдау

5.2.6.1 Талдау мақсаты

Изоамил спирті 5.2.1-5.2.5 талаптарын қанағаттандыра алады, бірақ Гербер әдісі үшін сәйкес келмейді. Пайдаланар алдында стандарттық изоамил спиртімен салыстыру арқылы изоамил спиртін жарамдылығына тексеру қажет.

5.2.6.2 Стандарттық изоамил спирті

Тиісті фракциялық бағанды пайдаланып және 128 °С-тан бастап 131,5 °С дейінгі қайнау температурасындағы фракцияны жинай отырып (5.2.5, екінші абзацты қараңыз), 5.2.1 - 5.2.5 талаптарына сәйкес келетін изоамил спиртін айдайды.

Алынған фракция мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

а) газ-сұйықтық хроматографиясы әдісімен талдауды орындау кезінде 99% кем емес (көлемі бойынша) спирт 3-метилбутан-1-ол-дан және 2-метилбутан-1-ол-дан тұруға тиіс. 2-метилпропан-1-ол және бутана-1-ол-ды қоспағанда, басқа қоспалардың айтарлықтай аз көлемде болуына жол беріледі;

b) 5.2.6.3 бойынша әдіспен салыстыру өткізу кезінде айдау барысында жиналған алғашқы 10 % және соңғы 10 % фракцияда сүттегі май мөлшері бойынша 0,015 % артық ерекшеленбеуге тиіс.

Егер фракция екі талапты да қанағаттандырса, онда спирт стандарттық изоамил спирт ретінде қарастырылады. Стандарттық изоамил спирті қараңғы және салқын жерде ұстаған жағдайда бірнеше жыл бойы пайдаланылады.

5.2.6.3 Салыстыру әдістемесі

Майдың мөлшерін сипатталған Гербер әдісімен анықтайды, бұл үшін шкала қателігі 0,01 % артық емес бутирометрді және стандарттық күкірт қышқылын (5.1.2.2) пайдаланып, майының мөлшері орташа бүтін сүттің төрт үлгісі бойынша екі топты алады. Талдау өткізу кезінде үлгі топтарының бірінде 1 мл изоамил спиртін, ал екіншісінде 1 мл стандартын изоамил спиртін (5.2.6.2) пайдаланады.

Бутирометрлерді сілкілеу сатысынан бастап еркін ұстайды. 0,01 % майдың жақын бөлінісіне көрсеткіштерді белгілейді (көрсеткіштерді кем дегенде екі адам белгілеуге тиіс).

Сүттің төрт үлгісіндегі майдың мөлшерінің изоамил спиртін пайдалану кезінде алынған орташа мәні стандарттық изоамил спиртін пайдалану кезінде алынған орташа мәннің 0,015 % артық ерекшеленбеуге тиіс.

Егер изоамил спиртін қолдану анықтау нәтижесінде айтарлықтай айырмашылықтарға әкелмейтіні тәжірибе жүзінде расталса, оның орнына жасанды изоамил спиртін немесе изоамил спиртін ауыстырғышты қолдануға жол беріледі.

6 Жабдық

6.1 Сүтке арналған тамшуыр

6.1.1 Сүтке арналған тамшуырда бір градуирлеу белгісі болуға тиіс және сыйымдылық көлем бойынша, миллилитрмен анықталуға тиіс, ол А қосымшасында көрсетілгендей оны босату кезінде 20°С температурада тамшуырмен шығарып төгіледі.

Тамшуырдың А қосымшасына сәйкес әдіспен анықталған сыйымдылық 0,03 мл артық 6.1.3-ке сәйкес белгіленген номинал сыйымдылықтан ерекшеленбеуге тиіс.

6.1.2 Сүтке арналған тамшуырдың сыйымдылығы 9.2-ге сәйкес тамшуырды (сүт деңгейі градуирлеу белгісімен сәйкес келген кезде менискінің жоғарғы бөлігін пайдаланып) және нәтижені өрнектеудің қандай да бір қабылданған тәсілін (3-бөлікті қараңыз) пайдалану кезінде, май мөлшерінің қолданыстағы мәні майының мөлшері сүттегі майдың қабылданған орташа мәнімен бірдей бүтін сүтті пайдаланып бақылау әдісін қолдану кезінде алынған мәнге сәйкес келетіндей болуға тиіс.

Сүт үшін кейбір тамшуырларды пайдалану кезінде сүт тамшуырдан ағып шыққан уақытта менисктің төменгі бөлігін бақылауға болады. Егер осындай тамшуырлар пайдаланылса, олардың сыйымдылығы сүт бар тамшуырды пайдалану кезінде май мөлшерінің орташа мәні жоғарыда көрсетілген талапты қанағаттандыратындай болуға тиіс.

6.1.3 Әр елде май мөлшері әр түрлі бүтін сүт түрлерінің айтарлықтай мөлшеріне қатысты ISO 1211-де берілген бақылау әдісін және сипатталған Гербер әдісін қолданып салыстырмалы анықтамалар орындау кезінде сүтке арналған тамшуырдың тиісті сыйымдылығы (6.1.1 және 6.1.2 қараңыз) белгіленуге тиіс. Сүтке арналған тамшуырдың тиісті сыйымдылығын белгілеу үшін сүттегі май мөлшерінің орташа мәні туралы елдегі мәліметтермен үйлесімде анықтама нәтижелерін талдаудың статистикалық деректері пайдаланылуға тиіс. Ішінара майсыздандырылған сүттегі және майсыздандырылған сүттегі ұқсас анықтамалармен бірге бүтін сүттегі осы салыстырмалы анықтамалар, егер сүттегі май мөлшері май мөлшерінің орташа мәніне сәйкес келмесе, Гербер әдісі бойынша алынған нәтижелерге қолданылатын түзетулерді береді. Салыстырмалы анықтамалардың деректері үшін шкала қателігі 0,01 % кем бутирометрлер қолданылуға тиіс.

6.1.4 Егер майдың массалық үлесінің мәні 100 мл-ге граммен өрнектелсе, бақылау әдісімен салыстыру қажеттігін белгілеу керек.

6.2 Бутирометр және тығын ISO 488-ге сәйкес.

Сынамадағы майдың болжам мөлшеріне сәйкес келетін шкала ауқымымен бутирометрді пайдалану қажет. Майсыздандырылған сүт үшін шкала ауқымы 0 %-дан 0,5 % дейін болатын бутирометрді пайдалану керек.

Бұдыр ауызды бутирометрлерде бір немесе екі сыртқа шығаратын өткізгіші бар бұғаттаушы резеңке тығындарды пайдаланады.

Тегіс ауызды бутирометрлерде тығындарды пайдаланған дұрыс.

6.3 Күкірт қышқылын (5.1) майы алынған сүтті (20,0 ± 0,2) мл және пайдалану кезінде, автоматты өлшем құралы немесе мөлшерлеу ықтималдығы (10,0 ± 0,2) мл сақтандыру тамшуыры.

6.4 Изоамил спиртін (5.2) майы алынған сүтті (20,0 ± 0,2) мл және пайдалану кезінде, автоматты өлшем құралы немесе мөлшерлеу ықтималдығы (10,0 ± 0,2) мл сақтандыру тамшуыры.

6.5 Бутирометрлерді сілкілеуге арналған сақтандыру тұғырығы (6.2).

6.6 Ішінде бутирометрлер айнала алатын, айналу жиілігі индикаторымен жабдықталған, ең көп жол берілетін ауытқу мәні ± 50 айн/мин болатын минутына айналымдар саны бірлігімен градуирленген және көлденең емес, дұрысы тік жүктемелі үйірткі.

Үйірткінің құрастырылымы үйірткілеуден кейін (9.6 қараңыз) бутирометрдің ішіндегісінің температурасы 30 °С-тан 50 °С дейін құрайтындай болуға тиіс.

Толық жүктегеннен кейін үйірткі бутирометр тығынының сыртқы ұшындағы (350 ± 50) g салыстырмалы үдеумен 2 мин бойы жұмыс істеуге тиіс. Осы үдеу 1-кестеде берілген айналу жиілігі кезінде жұмыс істейтін тиімді радиусты (үйірткі шпинделі мен бутирометр тығынының сыртқы жағы арасындағы көлденең арақашықтық) үйірткімен жұмыс істейді.

Үйірткінің салыстырмалы үдеуі (1) формуламен есептеледі:

$$1{,}12rn^2 \times 10^{-6} \qquad (1)$$

мұнда r - тиімді радиус, мм;

n - айналу жиілігі, айн/мин.

6.7 (65 ± 2) °С температураны ұстап тұруға қабілетті, шкалалары толық жүктелген тік қалыпта бутирометрлерді (6.2) ұстап тұратын бутирометрлерге арналған су моншасы.

6.8 Су моншасына орнатуға жарамды термометр (6.7).

6.9 Сыналатын сынамаларды дайындауға арналған су моншасы (қажеттігіне қарай) (8.1 қараңыз).

1-кесте – Үйірткінің тиімді радиусы және (350 ± 50) g үдеуі кезіндегі айналу жиілігі

Тиімді радиус, мм	Айналу жиілігі, ± 70 об/мин
240	1 140
245	1 130
250	1 120
255	1 110
260	1 100
265	1 090
270	1 080

275	1 070
300	1 020
325	980

7 Сынамаларды іріктеу

Репрезентативті сынама зертханаға жіберілуге тиіс. Ол тасымалдау және сақтау уақытында зақымдалмауға немесе өзгерістерге ұшырамауға тиіс.

Сынамаларды іріктеу осы стандартта көрсетілген әдістің бөлігі болып табылмайды. Іріктеу әдісі бойынша ұсыныстар [1]-де берілген.

8 Сыналатын сынаманы дайындау

8.1 Зертханалық сынаманы 20 °С-ден 30 °С дейінгі температураға дейін қыздырады, қажеттігіне қарай су моншасын пайдаланады. Сынама құйылған құтыны аудара отырып және көбіктенуді немесе май шайқалуды тудырмай, сүтті мұқият, бірақ абайлап араластырады. Егер кілегей қабатын араластыру қиын болса немесе сүтте елеусіз көбіктену белгілері байқалса, сүтті су моншасында 34 °С-тан 40 °С дейінгі температураға дейін қыздырады да, сәл араластырады; қажеттігіне қарай майды тарату үшін сәйкес келетін араластырғыш құрылғыны пайдалануға болады. Майды біркелкі таратқаннан кейін тездетіп сүт температурасын шамамен 20 °С келтіреді (тропикалық елдер үшін шамамен 27 °С, бұл аталған елдердегі сүтке арналған тамшуырларды калибрлеу температурасына сәйкес келеді). Көрсетілген температураға қол жеткізілгеннен кейін ауа көпіршіктері көтерілуі үшін сүтті қалдырады. Әдетте, бұл үшін 3 минуттан 4 минутқа дейін жеткілікті, бірақ, егер араластыру үшін құрылғы пайдаланылса, температураны кейіннен реттеп 2 сағ дейін талап етіледі.

ЕСКЕРТПЕ Егер сыналатын сынаманы дайындағаннан кейін сынама құйылған шақшаның қабырғаларында ақ бөлшектер көрінсе немесе сұйық май сынама бетінде көрінсе, май мөлшерінің шынайы мәні есептеле алмайды.

8.2 сыналатын сынаманы дайындағаннан кейін 9, 11, 12 не 13-тарауларында берілген тиісті әдісті орындауды тез арада бастау және жұмысты үзіліссіз аяқтау қажет.

9 Бүтін және ішінара майсыздандырылған сүтке арналған әдістеме

ЕСКЕРТПЕ Сақтық шараларын қолдану, күкірт қышқылының кездейсоқ шашырауынан қорғайтын бетке арналған қорғаныш бетпердесін пайдалану қажет.

9.1Автоматты өлшем құралын немесе сақтандыру тамшуырын (6.3)пайдаланып, (10 ± 0,2) мл күкірт қышқылын (5.1) бутирометрге (6.2) қышқыл бутирометр аузын ылғалдамайтындай және ауа түспейтіндей тәсілмен өлшеп алады.

9.2 Дайындалған сынамасы бар шақшаны (8-тарау) үш немесе төрт рет абайлап аударып-төңкереді және төменде сипатталғандай бутирометрге талап етілетін сүт көлемін өлшеп алады.

Сүтке арналған тамшуырға (6.1) сүтті градуирлеу белгісі деңгейінен жоғары тартады және шығару ұштығының сыртқы жағын онда сүт қалмайтындай етіп сүртеді. Ұштығының жіңішке ұшы сынама салынған еңкейтілген шақша аузының ішкі жағына тиетіндей етіп, тамшуырды көз деңгейінде градуирлеу белгісімен тік ұстайды және менисктің жоғарғы шегі (бірақ көруге қиын төменгі жағы емес) градуирлеу белгісімен (6.1.2 қараңыз) түйіспейінше, сүттің тамшуырдан ағып кетуіне мүмкіндік береді.

Үлгі салынған бөтелкесі бар, содан кейін тік қалыпта тұрған бутирометрі бар шашыратқышты алып тастау қажет. Бутирометр аузының төменгі бөлігінен сәл төмен шашыратқыштың ұшын шамамен 45 °С бұрышпен тамшуырды өткізу керек. Мүмкіндігінше қышқылмен кез келген араласудың алдын алып, қышқыл бетіне қабатты алу үшін сүттің бутирометрдің ішіне жатық төмен ағуына мүмкіндік беру керек. Ағу тоқтағаннан кейін 3 сек дейін күтіп, аузының төменгі бөлігіне тамшуыр ұшын тигізіп, содан кейін тамшуырды алып тастау қажет. Бутирометр ұшына сүт тимеуі үшін сақтық білдіру керек.

Сынама салынған шақшадан тамшуырдың ұштығын алып шығады. Содан кейін бутирометрді тік қалыпта ұстап отырып және ұштықтың жіңішке ұшы бутирометр аузының түбінен дәл төмен болатындай шамамен 45° бұрышпен тамшуырды ұстап, қышқылмен араласудың алдын алу үшін қышқыл бетіне қабаттың түзілуі үшін сүттің бутирометрден төмен жай ағуына мүмкіндік береді. Ағу тоқтағаннан кейін 3 сек өткен соң тамшуырдың тар ұшымен аузының төменгі бөлігіне тигізеді және содан кейін тамшуырды алып шығады. Сүттің бутирометр аузына тиюіне жол бермейді.

9.3 Автоматты өлшем құралын немесе сақтандыру тамшуырын (6.4) пайдаланып, (1,0 ± 0,05) мл изоамил спиртін (5.2) бутирометрге өлшеп құяды. Изоамил спиртін бутирометрдің аузына тиюіне және осы сатыда бутирометрдегі сұйықтықтың араласуына жол берілмейді.

9.4 Бутирометрді ішіндегісін араластырмай, қатты тығындап бекітеді. Екі жақты тығынды пайдалану кезінде оны ең кең бөлігі ауыз басының деңгейіне жеткенге дейін бекітеді. Бұғаттаушы тығынды пайдалану кезінде оны бутирометрдің аузына тигенге дейін орнатады.

9.5 Оның ішіндегісі мұқият араласқанша және белок толығымен ерімейінше, яғни ақ бөлшектері жойылғанға дейін тығын сынған немесе әлсіреген жағдайда тиісті тәсілмен қорғалған бутирометрді (6.5) сілкілейді және аударып-төңкереді.

9.6 бутирометрді үйірткіге (6.6) тезарада орналастырады, 2 мин ішінде (350 ± 50) g салыстырмалы үдеу үшін талап етілетін жұмыс жылдамдығына жеткізеді.

9.7 Бутирометрді үйірткіден алып шығады және, қажеттігіне қарай,

шкаладағы май бағаны тығындарын қозғалыспен реттейді. Бутирометрді су моншасына (6.7) тығынмен төмен қарай (65 ± 2) °С температурада 3 мин кем емес және 10 мин артық емес уақытқа су моншасына салады; су деңгейі май бағанының жоғарғы бөлігінен жоғары болуға тиіс.

9.8 Бутирометрді су моншасынан алады және май бағанының төменгі бөлігі шкаланың жоғарғы бөлігіне орналасатындай етіп тығынды реттейді. Қатты резеңке тығынды пайдалану кезінде оны сәл тартып алу және аузына итермей ұсынылады. Бұғаттаушы тығынды пайдалану кезінде кілтті қояды және май бағанын талап етілетін қалыпқа дейін көтеру үшін жеткілікті күш салады.

Май бағанының төменгі бөлігімен сәйкес келетін шкаладағы көрсеткішті белгілейді, содан кейін май бағанын жылжытпау үшін май бағанының жоғарғы бөлігіндегі меникстің төменгі нүктесімен сәйкес келетін шкаладағы көрсеткішті тез белгілейді. Бағанның жоғарғы бөлігіндегі көрсеткіштер шкаланың жақын бөлінісінің жартысына теңестіріледі. Есептеу кезінде бутирометрді тік ұстайды, бұл ретте май бағанының шекарасы көз деңгейінде болуға тиіс (10.1 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Егер, лайлы май немесе қара түсті май май бағаны түбінде қоспалар болған жағдайда, май мөлшерінің мәні шынайы бола алмайды.

9.9 Егер алынған мәнді тексеру талап етілсе, бутирометрді су моншасына (6.7) (65 ± 2) °С температурада 3 мин кем емес және 10 минуттан артық емес уақытқа қайтадан салады, оны моншадан алып шығып, көрсеткішті 9.8-де көрсетілгендей қайтадан белгілейді.

9.10 Гербер әдісі 3.1-де берілген анықтаманы қанағаттандыратына көз жеткізу үшін ISO 1211 бойынша осы стандартқа және бақылау әдісіне сәйкес Гербер әдісімен салыстырмалы анықтаманы мерзім сайын жүргізу қажет.

10 Нәтижелерді өңдеу

10.1 Есептеу әдісі

Сүттегі майдың мөлшері мынаны құрайды

$$B - A$$

А – май бағанының төменгі шекарасы бойынша көрсеткіштер;

В – май бағанының жоғарғы шекарасы бойынша көрсеткіштер.

Майдың мөлшері 100 г сүтке майдың грамымен немесе 100 мл сүтке май грамымен сүтке арналған тамшуыр шкаласына түсірілген өлшем бірлігіне байланысты өрнектеледі.

10.2 Қайталанушылық

Қысқа уақыт аралығы ішінде бір жабдықта бір оператор бір зертханада бірдей үлгілерде бір әдісті қолданумен алынған екі тәуелсіз бірдей сынау нәтижесі арасындағы абсолют айырмашылық бутирометр шкаласының бір ең аз бөлінісіне сәйкес келетін мәннен аспауға тиіс. Шкала қателігі 0,01 % кем

бутирометрлерді пайдалану кезінде (мысалы, 6.1.3 қараңыз), жоғарыда анықталғандай алынған екі анықтаманың нәтижелері арасындағы айырмашылық шкаланың ең аз бөлінісінің жартысына сәйкес келетін мәннен аспауға тиіс.

10.3 Нәтижелерді түзету

Егер алынған мән сүтке арналған тамшуырдың көмегімен алынған нәтижелер бақылау әдісімен алынған нәтижелерге сәйкес келсе, онда қажеттігіне қарай, тиісті түзетулер енгізіледі (6.1.3 қараңыз).

10.4 Арнайы мақсаттарға арналған бутирометрлердің дәлдігі

9.10-да көрсетілген салыстырмалы анықтамалар үшін және Гербер әдісі бойынша майдың мүмкіндігінше дәлірек мәнін алу қажет кезде басқа арнайы мақсаттар үшін шкаласының қателігі 0,01 % кем және көрсеткіші май кем дегенде 0,01 % бутирометр пайдаланылады. Егер қажет болса, 10.3-те көрсетілгендей түзету өткізу керек.

11 Құрамында консерванттар бар сүтке арналған түрлендірілген әдістеме

11.1 Бүтін және ішінара майсыздандырылған, шикі және консерванттар (мысалы, калий бихроматы, сынап хлориді (II) немесе берілген екі реактивтің қоспасы) қосылып пастерленген сүт үшін белгілі бір жағдайларда мынадай әдістеме қолданылады. Егер сүттегі консерванттар концентрациясы, консервіленген сүтті сақтау ұзақтығы мен шарттары анықтау нәтижесі консервантсыз жас сүт үшін алынған нәтижеге ұқсас болса, әдістеме қолданылады.

Егер құрамында консерванттар бар сүт гомогендеу процесінен өтсе, 12-бөлікте көрсетілген әдістемені қолдану керек, бірақ бұл ретте 11.4 бойынша тиісті сатыда белоктың толық ерігеніне көз жеткізу қажет.

Егер құрамында консерванттар бар сүт майсыздандырылса, 13-бөлікте көрсетілген әдістемені қолдану керек, бірақ бұл ретте 11.4 бойынша тиісті сатыда белоктың толық ерігеніне көз жеткізу қажет.

11.2 5 және 6-бөліктерде көрсетілген реактивтер мен құралдар қолданылады.

11.3 Сыналатын сынаманы 8-ге сәйкес дайындайды. Құрамында консерванттар бар сүт әдетте кілегей қабаты толық сіңу үшін 35 °С-тан 40 °С дейінгі температураға дейін жайлап қыздыру талап етіледі.

11.4 9-да көрсетілген процедура орындалады. Егер сүтте консерванттар болса, онда белоктың толығымен еруіне қол жеткізуде қиындықтар туындауы мүмкін (9.5 қараңыз). Бұл жағдайда ақ бөлшектер жойылғанға дейін бутирометрді мерзім сайын сілкілеп және аударып, бутирометрді тығынын төмен қаратып (65 ± 2) °С температурада су моншасына (6.7) салады. Содан кейін 9.6 - 9.9 бойынша процедураны орындайды.

Егер белокты еріту үшін талап етілетін су моншасында болу уақыты 10 минуттан асса, онда әдіс дәл нәтиже бермейді және сынамаға қолданылмайды.

11.5 Май мөлшері 10.1 бойынша есептеледі. 10.2, 10.3 және 10.4 талаптары қолданылады.

12 Гомогендеу процесі өткен сүтке арналған түрлендірілген әдістеме

ЕСКЕРТПЕ Осы әдіс бойынша алынған нәтиже (гомогендеу процесінен өткен сүтке арналған түрлендірілген әдіс) шынайы мәнмен салыстырылғанда сәл көтеріледі.

12.1 5 және 6-бөліктерде көрсетілген реагенттер мен жабдық қолданылады.

12.2 8-бөлікте көрсетілгендей сынаманы орындайды.

12.3 9.1-ден қоса алғандағы 9.8 дейінгі процедура орындалады және май мөлшерінің алғашқы мәні алынады.

Егер анықтау бірнеше сынамада бір мезгілде орындалса, сынама сериясынан алынған алғашқы сынама үшін мәндерді есептеуге 3 мин өткен соң кіріседі. Есептегеннен кейін әрбір бутирометрді (65 ± 2) °С температурадағы су моншасына (6.7) салады. Бутирометрлердің ең көп саны олардан алынған көрсеткіштерді белгіленген уақыт шегіне (9.7) дейін есептеуге болатындай болуға тиіс.

12.4 9.6, 9.7 және 9.8-де берілген процедура қайталанады және май мөлшерінің екінші мәні алынады. Егер екінші мән шкаланың ең аз бөлінісінің жартысынан көбіне біріншісінен аспаса, онда екінші мән сүттегі май мөлшері ретінде жазылуға тиіс.

12.5 Егер екінші мән шкаланың ең аз бөлінісі жартысынан көбісіне бірінші мәннен асатын болса, 9,6, 9,7 және 9.8-де берілген процедура қайталанады және май мөлшерінің үшінші мәні алынады. Егер үшінші мән шкаланың ең аз бөлінісі жартысынан көбісіне екінші мәннен аспаса, үшінші мән сүттегі май мөлшері ретінде жазылуға тиіс.

12.6 Егер үшінші мән шкаланың ең аз бөлінісі жартысынан көбісіне екінші мәннен асатын болса, 9,6, 9,7 және 9.8-де берілген процедура қайталанады және май мөлшерінің төртінші мәні алынады. Төртінші мән сүттегі май мөлшері етінде жазылуға тиіс, бірақ егер бұл мән шкаланың ең аз бөлінісі жартысынан көбісіне үшінші мәннен аспаса, онда дәлдік күмән туғызады.

12.7 10.1-де көрсетілгендей май мөлшері есептеледі. 10.2, 10.3 және 10.4 талаптары қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Егер бірнеше рет жасалған үйірткілеуден кейін май лайлы немесе қара түсті болса, немесе егер май бағаны түбінде ақ немесе қара материал болса, май мөлшерінің мәні дәл болмайды.

13 Майсыздандырылған сүтке арналған түрлендірілген әдістеме

13.1 Тиісінше (20,0 ± 0,2) мл күкірт қышқылын (5.1) және (2,0 ± 0,05) мл изоамил спиртін (5.2) мөлшерлеу мүмкіндігімен автоматты өлшем құралдары немесе сақтандыру тамшуырлары (6.3 және 6.4) 0 до 0,5% дейінгі шкалалы бутирометр (6.2) үшін пайдаланылады.

13.2 Сүтке арналған тамшуырды (6.1) пайдалана отырып, 8-бөлікте сипатталғандай дайындалған (2 × 10,77) мл әдеттегі көлемнен екі есе үлкен сынама үлесін 20 °С-да бутирометрге қосады.

13.3 9.1 – 9.7-де берілген процедураларды орындайды. Содан кейін бутирометрді су моншасынан алып шығады, тез арада үйірткілеуді (9.6) қайталайды, қажетті температураны орнатады (9.7) және 9.8 - 9.10 бойынша процедураларды орындауды жалғастырады.

13.4 Май мөлшерін 10.1-де сипатталғандай есептейді. Гербер әдісімен (10.3 қараңыз және ISO 1211 бойынша Розе-Готлиб әдісімен (6.1.3 қараңыз) май мөлшері әр түрлі майсыздандырылған сүтте салыстырмалы анықтау нәтижелерін статистикалық талдау көмегімен анықталған тиісті түзетуді қолданады.

Егер бутирометрде шкала бойынша көрсеткіштерді оқу үшін май жеткіліксіз болса, май мөлшері 10.1 бойынша есептелмеуі мүмкін; бұл жағдайда май мөлшерінің көрсеткіштерін, мысалы «нөл», «елеусіз мөлшер», «аз өлшенетін сан» ретінде жазып алынады.

14 Сынақ хаттамасы

Сынақ хаттамасында мынадай ақпарат болуға тиіс:

a) сынаманы толық бірдейлендіру үшін қажетті барлық ақпарат;

b) егер ол белгілі болса, қолданылатын іріктеу әдісі;

c) осы стандартқа сілтемесі бар қолданылатын сынау әдісі;

d) әдістеменің осы стандартта берілмеген немесе міндетті емес ретінде қарастырылған барлық ерекшеліктері, сондай-ақ нәтижелерге әсер ете алатын кез келген жағдайды сипаттау;

e) алынған сынақ нәтижелері;

f) май мөлшерін көрсету тәсілі (массалық үлесі немесе массалық концентрация);

g) сүтке арналған тамшуырдың сыйымдылығы;

h) бутирометр шкаласының ауқымы;

i) нәтижені 10.3 бойынша түзету жүргізілді ме, сондай-ақ процедура 10.4 бойынша орындалды ма – сілтеме;

j) күмәнді дәлдік нәтижесі алынғаны туралы куәлік ететін барлық бақылаулар (мысалы, 8.1, 9.8 және 12.7 ескертпелерін қараңыз, 11.4 және 12.6 екінші абзацы)

А қосымшасы
(міндетті)

Сүтке арналған тамшуырдың сыйымдылығын тексеру әдісі

А.1 Бөлме температурасында сумен және тамшуырмен операцияларды орындайды.

А.2 Градуирлеу белгісінен бірнеше миллиметрге жоғары деңгейге дейін сүтке арналған мұқият тазартылған тамшуырға дистилденген суды жинап алады, содан кейін судан тазарту үшін тамшуыр ұшының сыртқы бетін сүртеді. Тамшуырды градуирлеу белгісімен тік көз деңгейінде ұстайды және менисктің төменгі нүктесі градуирлеу белгісімен сәйкес келгенге дейін тамшуырдың судан ағып кетуіне мүмкіндік береді. Көлбеу шыны стақанның ішкі жағына ұштықтың жоғарғы бөлігін тығыздап тез көтеріп, ұштықтың жоғарғы бөлігінде қалған суды алып тастайды.

А.3 Бұл ретте өлшеуге арналған көлбеу шақшаның (алдын ала өлшенген) ішкі жағына жоғарғы бөлігі тиіп тұратындай етіп тамшуырды тік ұстап, тамшуырдан судың көзге көрінуі тоқтағанға дейін еркін ағып кетуіне мүмкіндік береді. 3 сек өткен соң өлшеуге арналған шақшаны ұштықтан алып, шақшаны жабады, оны өлшейді және тамшуырдан өткен су массасын есептейді. Су температурасын 0,1 °С дейінгі дәлдікпен жазып алады. Көлемдік шыны ыдысты градуирлеу кезінде қолданылатын тиісті кестелерді пайдаланып, 20°С кезінде (тропикалық елдерде 27 °С) тамшуырдан аққан судың көлемі ретінде миллилитрмен тамшуыр сыйымдылығы есептеледі.

D.А қосымшасы
(ақпараттық)

Мемлекеттік стандарттардың сілтеме халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер

Мемлекеттік стандарттардың сілтеме халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер D.A.1 кестесінде берілген.

D.A 1 кестесі

Сілтеме халықаралық стандарттың белгіленуі мен атауы	Сәйкестік дәрежесі	Тиісті мемлекеттік стандарттың белгіленуі мен атауы
ISO 488 «Milk. Determination of fat content. Gerber butyrometers» (Сүт. Май мөлшерін анықтау. Гербер бутирометрлері).	IDT	ҚР СТ ИСО 488-2009 «Сүт. Май мөлшерін анықтау. Гербер әдісі»

Библиография

[1] ISO 707 - 2008, Сүт және сүт өнімдері – Сынамаларды іріктеу жөніндегі нұсқау

ӘОЖ 637.14 **МСЖ** 67.100.10

Түйінді сөздер: сүт, майлылығын анықтау әдісі, Гербер әдісі, сүтке арналған тамшуырлар

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МОЛОКО
Метод определения жирности

СТ РК ИСО 2446-2011

(ISO 2446:2008 Milk - Determination of fat content, IDT)

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии и техническим комитетом по стандартизации № 72 «Нанотехнологии»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от «04» октября 2011 года № 517 - од

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO 2446:2008 Milk - Determination of fat content, IDT (Молоко – Метод определения жирности)

Международный стандарт ISO 2446 разработан Техническим комитетом ISO TC 34, Пищевые продукты, Подкомитетом ПК 2, Молоко и молочные продукты.

Перевод с английского языка (en).

Сведения о соответствии государственных стандартов ссылочным международным стандартам, приведены в дополнительном Приложении D.A.

Степень соответствия – идентичная (IDT).

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2017 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Государственные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МОЛОКО
Метод определения жирности

Дата введения 2012-07-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает метод определения содержания жира в молоке (метод Гербера), включает рекомендации по определению соответствующей вместимости пипеток для молока и поправок, применяемых к результатам, при несоответствии содержания жира в молоке среднему показателю по содержанию жира (см. 6.1). Проверка вместимости пипетки для молока осуществляется в соответствии с Приложением А.

